ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 желтоқсан №2/15739/2024 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Қ.Қанбаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Омар» жеке кәсіпкері Жеңісқалиев Мерей Қайратұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, судья

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талаптары қанағаттандырылсын.

«Омар» жеке кәсіпкері Жеңісқалиев Мерей Қайратұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын және жауапкерден талап қоюшының пайдасына 7 137 (жеті мың бір жүз отыз жеті) теңге тұрақсыздық айыбы, іс бойынша 214 (екі жүз он төрт) теңге мемлекеттік баж және мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете

алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурордың апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Қанбаев

Құжатқа қол қойылған: Канбаев А. К., 19.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.01.2025, судья Есибаев К. Б., 23.01.2025

7119-24-3-1/15328